

Білу

Тақырыбы: Тірі ағзаларға тән үдерістерді түсіндіру

Түсіну

Бағалау критерийі:

1. Үдерістерді анықтайды
2. Тірі ағзаларға тән үдерістердің себептерін түсіндіреді.
3. Тірі ағза қасиетін атайды, анықтама береді.
4. табиғатқа қатысты үдерістерді ажыратады

Оқу мақсаты: 6.4.2.2 Тірі ағзаларға тән үдерістерді түсіндіреді.

Сабақ мақсаты:

Оқушының барлығы істей алады:

Тірі ағзаларға тән үдерістерді анықтайды.

Оқушылардың көпшілігі істей алады:

Тірі ағзаларға тән үдерістерді сипаттайды.

Кейбір оқушылар істей алады:

Тірі ағзаларға тән үдерістерді дәлелдейді.

Тілдік мақсат:

Тыңдалым: « Тірі ағзалар патшалығы» тақырыбында бейнеролик көрсетіледі.

Оқылым: мәтінмен және ерекше мәліметтермен жұмыс жасайды.

Айтылым: Тірі ағзаларға қандай үдерістер тән екенін айтады.

Жазылым: Анықталған үдерістердің маңызы туралы жазады.

Пәнаралық байланыс:

Биология-

Тіршіліктің және бактериялардың өмір сүру ортасы.

Тарих- түрлі тарихи кезеңдерде көбею мен даму үдерісінің өзгеруінің орын алуы.

Ұлттық құндылықтар:

«Мәңгілік ел» құндылығы негізінде Қазақстандық индустрияландыру мен инновацияға негізделген экономикалық өсуіне және дамуына үлес қосуға баулу.

Өзін-өзіне және айналадағы адамдарға құрмет:
Еңбек пен шығармашылыққа баулу.
Өмір бойы білім алуға үйрету.

Белсенді әдіс-тәсілдер

«Өзіңді
тексер»

Мақсаты:
оқушылардың сабаққа деген ынтасы қалыптасады, ойын сергіту және тыңдалымды дамытуға негізделген.
Нәтижесі: тірі ағзаларға тән даму, көбею, зат алмасу мен тітіркену, қозғалыс үдерістерін анықтап, есте сақтау қабілеті дамиды

«Ойлан,
жұптас,
бөліс»

Мақсаты:
Үдерістің мәнін сипаттау арқылы ой жинақтау, сөз қорын қалыптастыру, топта бірлесіп оқу.
Нәтижесі: Мәтіндегі қызықты деректер: калибриде түнде зат алмасудың тоқтауы мен бамбук тәулігіне 1 м дейін өсетіндігі жайлы танысу арқылы кең көлемді түсінік қалыптасады, ой жинақтайды

«Борд
журналы»

Мақсаты:
Топтарда нақты шешім қабылдап, ұсыныс айтады, дәлелдер келтіреді
Нәтижесі:
Берілген көбею, даму, қозғалыс үдерісінің анықтамасын жазу арқылы ұғымдарды жинақтайды, сыни көзқарас қалыптасады, таным әрекеті дамиды

Саралау

1- тапсырма

«Өзіңді тексер» әдісі арқылы жұмыс жасаған кезде оқушылардың сабаққа деген ынтасы қалыптасады. Бұл әдісте саралаудың тапсырма тәсілі қолданылады. Өйткені жоғары деңгейлі оқушылар мұнда басқаларға қарағанда көп мәлімет жинақтайды, деңгейі төмен оқушылар өз оқуын ілгерілетуге мүмкіндік туады.

2- тапсырма

«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісінде саралаудың дереккөздер тәсілі пайдаланылады, өйткені кейбір оқушылар басқаға қарағанда күрделі дереккөздермен жұмыс жасай алады, әлсіз оқушы күрделі идеялардың бар екендігін есту арқылы біледі, сезінеді.

3- тапсырма

«Борд журналы» әдісі арқылы саралаудың қорытынды тәсілі қолданылады, себебі жоғары деңгейлі оқушының нәтижесі жоғары болуы мүмкін, әлсіз оқушы топта бірлесіп оқуға қол жеткізеді, алға ұмтылады.

Қалыптастырушы бағалау

1- тапсырма

«Өзіңді тексер» әдісі арқылы бейнероликтегі мысалдар келтіріледі. Бұл мәлімет ШЫНДЫҚ немесе ЖАЛҒАН ба?

Бағалау критерийі:
Үдерістерді анықтайды.

Дескриптор:
1. Үдерістерді талқылайды.
2. Үдерістерді дәлелдейді

2 тапсырма.

Мәтінмен жұмыс, жұптық тапсырма «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы үдерістердің мәнін сипаттаңдар.

Бағалау критерийі:
1. Үдерістердің себептерін түсіндіреді

Дескриптор:
-үдерістерді біледі,
-үдерістердің мәнін түсінеді

3 тапсырма.
Топтық тапсырма
«Борд журналы»
әдісі.
Тірі ағзаларға тән
қасиеттерді ата,
анықтама бер,
кестесін
толтырыңдар.

**Бағалау
критерийі:**
1. Тірі ағза
қасиетін атайды,
анықтама береді.

Дескриптор :
1.Тірі ағзаны
таниды
2.Қасиетін
анықтайды
3.Қасиетін
сипптай алады.

Топтар жемістер
арқылы бағаланады
(Алмұрт, лимон,
алма)

Бағалау парақшалары
арқылы топ ішінде
бірін- бірі
бағалайды.

Геометриялық
фигуралар арқылы,
өзін-өзі бағалау

Топтар мен жұптар , жеке оқушы үшін мақтау, марапат сөздер айтылады, тапсырмалар соңында кері байланыс жасалып, қолдау көрсетіліп отырады.